



Жалдағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Кеңес

Конституциялық реформа: жарқын болашаққа жаңа қадам



Еліміздің жаңа Конституциясы жобасын кеңінен насихаттау және оның негізгі бағыттарын түсіндіру мақсатында аудан көлемінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жалғасады. Осы жоспар аясында ақпараттық-түсіндіру жөніндегі штабтың жұмыс кестесіне сәйкес спорт саласының мамандарымен «Руханият» орталығында кезекті кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу ресми жиыннан ой бөлісер алаңға көбірек ұқсады. Спорт залында шыныққан талай доданың дөмін татқан жандар бұл жолы елдің ертені жайлы сөз қозғады. Әңгіме қағаздағы баптар туралы ғана емес, сол баптардың күнделікті өмірімен қалай қабасынатыны жайында өрбіді. Штаб мүшесі Марал Айтпанова жаңа жобадан өзгерістерді құрғақ баяндап шыққан жоқ, әр норманың ар жағында тұрған мән мұратты, қоғамға тиізер ықпалын кеңінен әңгімеледі.

— Жаңа Конституция жобасы ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды құжат деп ойлаймын. Бұл өзгерістер уақыт талабынан туындап отыр.

Қоғам жаңарған сайын заң да соған сай жетілдірілуі заңдылық. Сондықтан бұл бастама – болашаққа бағытталған нақты қадам. Жобадан адам құқықтары мен әділдік мәселесіне басымдық берілуі көңілге сенім ұялатады. Заң үстемдігі күшейсе, мемлекет те нығаяды. Халық пен билік арасындағы ашықтық пен жауапкершілік арта түссе, қоғамдағы тұрақтылық та бекемі. Әр азамат ел болашағына бейжай қарамай, өз пікірін білдіруі маңызды. Себебі негізгі заңның мазмұны ел ертеңіне тікелей әсер етеді, — деді Марал Айтпанова.

Жиында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейту, мемлекеттік басқарудың тиім-

ділігін арттыру, әлеуметтік саланың сапалы дамуына серпін беру, мұның бәрі елдің өңесін тіктеуге бағытталған бастамалар екені айтылды. Спорт саласының ардагері Бақытбек Төлеков пен аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің әдіскері Бақыт Жандос та өз ойларын ортаға салды.

Ашық форматта өткен пікір алмасуда қатысушылар өзгерістердің уақыт талабына сай келетінін атап өтті. Ел дамуының жаңа кезеңіне қадам басқанда қоғамдық институттардың белсенділігі мен азаматтық үнінің маңызы арта түсетіні айтылды. Реформалардың нәтижелі жүзеге асуы тек құжатқа емес, қоғамның сергектігіне де байланысты екені айқын сезілді. Марал Айтпанова Конституцияның тек құқықтық шеңберді айқындайтын құжат қана емес, мемлекет дамуының құндылық негізін қалыптастыратын басты бағдар екенін атап өтті. Азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың өзге әділеттілік, сыйластық, теңдік пен жауапкершілік қағидалары екені сөз болды. Қоғам өкілдерінің белсенділігі мен кері

байланысы реформалардың сапалы іске асуына берік тірек болатыны да назардан тыс қалмады.

Кездесу соңында алдағы 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдумның маңыздылығы ескеріліп, спорт саласы мамандарын ел болашағы үшін маңызды шешім қабылдау жолында белсенділік танытуға шақырылды.

Жаңа Конституция жобасына қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бүгінде республика көлемінде кең өріс алды. Аудан, қала, ауылдарда ұйымдастырылған кездесулерде негізгі заңға ұсынылған өзгерістер жан-жақты талқыланып, қоғам өкілдері өз ой-пікірін білдірді. Бұл – ел тағдырына қатысты мәселенің халық назарынан тыс қалмағанын аңғартады. Тарихи кезеңнің салмағы да осында. Негізгі заңға еңгізілетін өзгеріс мемлекет дамуының жаңа парағын ашады. Бұл – ел ертеңі айқындайтын ортақ істің бастауы. Бұл жыл ел тарихында айрықша кезең ретінде аталары анық. Тарихи белес деп бағалануы да сондықтан.

Гүлжан ЕСЖАН

Жас математиктер жеңісі



Шекер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп қабырғасында білімге құштар жас өрендер бас қосты. Сан мен сапаны саралау, логика мен ой ұшқырлығын сынға салатын «Бастау» республикалық математикалық олимпиаданың аудандық кезеңі биыл да жас дарындарды бір алаңға жинады. Бұл сайыс – бастауыш сынып оқушылары үшін үлкен ғылымға бастар алғашқы баспалдақ, математиканың тылсым әлеміне жол ашатын маңызды белес.

Білім додасында 2-4 сынып оқушылары математика пәні бойынша жеке және командалық форматта бақ сынады. Білім бейгесі жыл сайын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі жанындағы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткізіліп келеді.

Олимпиадада қатысушылар математика пәні бойынша жеке және командалық сайыстарда бақ сынап, тапқырлықтары мен тиянақты дайындықтарын көрсетті. Сан мен сапаны саралай білген жас математиктер күрделі тапсырмаларды шешуде табандылық танытып, өз мектептерінің намысын қорғады.

Қорытындына келсек, командалық жазбаша турда I орынды №246 орта мектеп иеленсе, II орынды №123 мектеп-лицейге буйырды. III орынды №201 мектеп-лицей және №38 орта мектеп оқушылары өзара бөлісті.

Жекелей турда жүлделі I, II, III орын алған оқушылар аудандық білім бөлімінің дипломдарымен марапатталып, барлық қатысушыға сертификаттар табысталды. Облыстық кезеңге жолдана алған №123 мектеп-лицей оқушылары Болатбек Бекзат, Әділбек Хадиса және №201 мектеп-лицей оқушысы Болатбек Мансур енді аудан абыройын аймақтық деңгейдегі жарыста қорғайтын болды.

— Бұл сыныптың оқушылары жалпы есепке бейім. Санның сырын ұғып, қисына жүгінуге құмар. Ал логикаға керек басты қасиет – шапшаңдық. Ойды тез жинақтап, дұрыс шешімді деп табу – нағыз олимпиадашыға тән мінез. Осындай алғырлық жеңімпаз оқушының бойынан анық көрінеді. Үшінші сыныптың өзінде-ақ Мансур Болатбектің түрлі білім сайыстарына қатысып, тәжірибе жинақтап үлгеруі – соның дәлелі. Бұйырса, келешекте жақсы математик болады,

— дейді жетекшісі, №201 мектеп-лицей мұғалімі Шакизада Ахалқызы.

Балалардың математикалық олимпиадада жолы бірінші сыныптың соңында-ақ басталады. Дәл сол кезде кішкентайлардың ойлау өрісі кеңейіп, логикалық тапсырмаға қалай қарайтыны, есепке деген ықыласы айқын сезіледі. Ұстаз үшін сол сәт – шәкірт бо-йындағы ұшқынды аңғаратын маңызды кезең. Зерек баланы байқап, қосымша тапсырмалар беріп, біртіндеп күрделі есептердің иіріміне жетелейді.

— Бірінші сыныптан бастап зеректігімен көзге түскен оқушы Хадиса Нұрлыбекқызы білім бейгесінде талай белесті бағындырып келеді. 2-3 сыныпта аудандық «Бастау» математикалық турниріне қатысып, облыстық кезеңде жүлделі III орынды иеленуі – табандылығының алғашқы жемісі. Биыл да білім додасында өзінің мықтылығын дәлелдеп, аудандық кезеңнен I орын алып, облысқа жолдама жеңіп алды. Бұл – ізденіс пен еңбектің жеңісі. Алдағы мақсатымыз – облыс, республика деңгейінде жүлде алып, мектебіміздің мерейін үстем ету, — дейді №123 мектеп-лицейінің мұғалімі Тымар Жұмабекқызы. Жас талаптың жарқын жеңістері өлі алда екені анық. Ол мұнан өзге жарыстарға дайындықты да қаперден шығарған емес.

№123 мектеп-лицейінің мұғалімі Жазира Жақсылыққызының айтуынша,

оқушысы Бекзат Болатбек – логикалық ойлау қабілеті жоғары, озаат ері жауапкершілігі мол шәкірт. Бұл сайысқа математика пәнінен зерек, ойы ұшқыр оқушылар қатысады. Ұстаздың айтуынша, осы олимпиадаға оқушы қатыстырып жүргеніне 15 жылға жуық уақыт болған. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан жарыс биыл 19-ші рет өтуде.

Білім – ұлттың ең үлкен капиталы. Қай кезеңде болсын елдің өңесін тіктеп, дамуының даңғыл жолына бастайтын күш – саналы ұрпақ пен сапалы білім. Уақыт өзгеріп, заман жаңарған сайын білімнің маңызы арта түспесе, кеміген емес. Өйткені ерженің көшінен қалмай, бәсекеге қабілетті мемлекет болу ел алдындам жаяткерлік әлеуетке байланысты. Биылғы конституциялық референдумда білім беру ісіне, инновациялық даму бағытына және мәдениетке басымдық берілуі – мемлекет болашағына жасалған нақты қадам. Білімді ұрпақ қана жаңашыл ой қалыптастырады, жаңа технологияны меңгереді, елдің рухани байлығын терең түсініп, оны болашаққа жеткізе алады. Өйткені білімді ұлт қана өз тағдырын өзі айқындай алады. Сондықтан мұндай зияткерлік додалардың жүйелі өтуі – ел ертеңін ойлаған ұтымды бастама, кемел келешекке жасалған сенімді қадам.

Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Әңгіме

Есмағамбеттің бұл сапары ауылына төрт жылдан кейінгі оралуы еді. Содан болар, таңертеңгі пойыздан түскен бойда қарсы алушы туыстары, достарымен болған ұшырасудың өзі көдімгідей у-дұлы болды. Біреулері құшақтап, біреулері сүйіп, тағы біреулері осы бір алас-қапаста-ақ мұның, шаруасын айтып қалып жатты. Күтіп тұрған кеңіл машиналарға мінулері, сосын аудан орталығында тұратын нөмере атасы Балмағамбеттің үйінің ауласына келіп, түсіп жатуларының өзі абыр-дабырға, күлкіге толы қуаныш болып жатты. Бұл арада да құшақтасулар... Сүйісулер... Және пойызда қарсы алғандары бар, аулада қарсы алғандары бар жапырыласып, әлі де ауыз жиып болмаған абыр-дабыр әңгімелерімен, асып төгілген мол күлкілерімен түгел үйге кіріп, жаюлы дастарханға жағалай қонақтасып жатты. Алдымен шай ішіліп, сосын ет желінді. Бұл аралықта ағайын-туыс, дос-жарандардың біразы өз шаруаларымен қонақтан рұқсат алып кетіп, оның есесіне тағы бір топ жаңадан келіп, әйтпеді арқа-жарқа кеңіл мен қуаныштан ортайған жоқ. Қайта ас кезіндегі меңзеп келгендей жаңадан келушілер тым көбейіп кеткендіктен де ет табаққа алты-жеті кісіден қонақтасып, сығылысыңқырап отырысқан жайлары бар.

Анасын сағынған бала

Ауыл-үйдің, ағайын арасының есегі, жаңалықтары көп айтылғандықтан астан кейінгі шай ұзақ ішіліп, дастархан жиналған кезде, қошеметші ағайын-достар түгел орындарынан тұрып, қайтуға беттегенде, таңертеңнен бері тақымы жазылмастан отырған Есмағамбет те бұл тұста сыртқы өзгерістермен ілесіп шыққан. Ұзаққа созылған абыр-дабырдан кейін жалғыз қалып, әртүрлі жеміс ағаштары мен көкөністер ескен аулада өрлі-берлі жүру де ол үшін айтарлықтай бір демалыс еді. Құн талтүс болып қалған екен. Ағаштардың өркісісіне тоқтап қарап, сосын жоңышқалықты аралап келіп, күннің, қызы қуырып бара жатқандықтан, жүзінің көлеңкесіне кіре бергені сол еді.

«Мама-аа... мама-аа...
Сенсің ғой ең дана-а...
Мәңгі дос сен ғана-а» деп әдеттен сүйкімді бала дауысын естіді. Бірақ Есмағамбет олай бір, бұлай бір бұрылып, маңайынан бала көрмеді. Сөйтсе, үстіне су жаңа ақ, футболка киген төрт жасар шамасындағы ер бала арнайы түреу ағаштарымен көрілген жүзім сабақтарының ұзына бойғы көлеңкесінің бір шетінде күммен ойнап отыр екен. Қолында ойыншық күрек, ойыншық шелек... Балмағамбет ағасының ұзылтан қыздары болатын. «Солардың бірінші баласы болар» деп топшылаған Есмағамбет жүзім көлеңкесінде аяқтары еңкейе басып, балаға жақындады. Жақындап келгенде бала мұны байқаған жоқ.

Мама-аа... мама-аа...
Сенсің ғой ең дана-аа...
Мәңгі дос сен ғана-а...
Мама-а, мама-а-а-а...
Жанына келіп: — Әй, балақай, сенің атың кім? — дегенде барып бала Есмағамбетке бұрылды. Бірақ ойыншық шелекке ойыншық күрекпен күм салу ісін доғарған жоқ. — Атың кім дедім ғой? — деп қайта сұрағанда барып бала ұяң күлімсіреп: — Сержан, — деді ақырын ғана. — Кімнің баласысың? — Күміскүлдің. — Күміскүл кімнің қызы? — Балмағамбеттің.

Есмағамбет енді еңкейдеп барып, анадай жерден қолдан жасалған ағаш орындықты алып, баланың дәл жанына жайғасты. Балмағамбет ағасының бір қызының кезінде оқуға түсе алмай, Алматыдағы базар маңында жұмыс істеп, тұрмыс құрып, одан тұрмыс құрған жігітпен қайта ажырасып жүргенін білетін. Қыздың әуелде өзі, сосын күйеуімен үйлеріне соққаны да есінде. Ажырасқаны бетіне шіркеу болды ма, кейіннен қыз үйге соқпайтын болды. Ал олардан осындай бала қалғанын естіген де емес-ті. Тіпті осы бала болмағанда қарындасының аты Күміскүл екенін де енді болмаса ұмытып қалғандай екен. Баланың бет әлпеті өте сүйкімді еді. Оның үстіне мұның сұрақтарына жауап беруі де сүйсіндірді. Тілі тәтті екен. Алайда «Кімнің баласысың?» деген сұрағына баланың әкесінің атын айтпай, шешесінің атын айтуы Есмағамбетті қанағаттандырған жоқ-ты. Сондықтан баланы жанап отырысымен: — Сен неге Күміскүлдің баласымын дейсің? Папаңның атын неге айтпайсың? — деді.

— Папа-мын-а... — дей беріп бала аз-кем күлімсіреп қалғанда барып, Есмағамбеттің өзі бала үшін тым артық сұрақ қойып отырғанын аңдап, әңгіменің бетін аударып қойды. — Футболқа қандай аппақ? — Мамам әкеліп берген? — деді Сержан өз-өзіне қайта келгендей көңілденіп. — Шортингі де тап-таза ғой. — Таңертең кидім ғой, — деді бала Есмағамбеттің сұрағына таңырқағандай әрі «Сол екі арада қалай бұлдіре қоямын» дегендей болып.

— Оны да мамам әкеліп берді ме? — Иә деген... — деді бала сусылдаған құмды ойыншық күрекпен ойыншық шелекке салуын жалғастыра беріп. Есмағамбет енді баланың басынан сипады. Сержанның жаңадан өсіп келе жатқан майда шаштары алақанына жұп-жұмсақ тиді. Бала да енді өзін еркін сезініп, еркелегендей болып, бұған денесін тиістіре беріп: — Басымнан іскеші? — деді. Есмағамбет сондай ықыласпен еңкейіп, Сержанның басынан иіскеді.

— Иісі бар ма? — деді бала енді оған күлімдей бұрылып. — Иісі?.. Иә, бар-р... — Ненің иісі? — деді бала қуланғандай көйпегте. — Сабын-н... Әтір сабынның... — Иә саған-н... — Енді ненің иісі? — Шампунның иісі ғой, — деді бала «соны да білмедің бе?» дегендей сықылықтай күліп. — Сонда сен басыңды күнде шампунмен жуасың ба? — деді Есмағамбет баланың басын қайта сипап отырып. — Мен емес, әжем-м... — Әжең жуып берді ме? — Иә деген-н... — Күнде ме? — Жоқ, сіз келетін болған соң жуды ғой. Мына үстемдегі жаңа футболка мен шортингі де сіз келетін болған соң кигізді. Есмағамбет шешіле сөйлеген баланың жүзіне қарап отырып, көңілдеп күлді. — Егер мен келмесем... — Сіз келмей тұрғанда басым биттеп кеткен. Сосын шашымды атам ұстамамен қырып тастады ғой. Есмағамбет тағы күлді. Күліп отырып көдімгідей таңданып: — Биті несі? — деді. — Бит те... бит болған соң.

Осы сәтте Есмағамбеттің көптен кездеспеген тағы бір ағайындары даңғырай сөйлеп, аулаға кіріп келе жатты да, бұлардың әңгімесі оқыс үзіліп қалды.

Кешкісін ыстық басылған шақта Балмағамбет кемпірі Мейірқұлмен екеуі тамның көлеңкесіне құдықтан су әкеліп сөйіп, орындықтар қойды да, Балмағамбет пен Есмағамбет өзара әңгімелесіп, Мейірқұл кешкі ас қамымен болып кетті. Ересектердің әңгімесі кезінде үш аяқты велосипедімен өрлі-берлі зырып жүрген Сержан кенет өрістен сыыр келіп, Балмағамбет сол сырдық әуресімен тұрып кеткенде барып, осы сәтті аңдып жүргендей ол Есмағамбеттің жанына келді. Түс кезінде болған әңгімеден кейін баланың бойы үйренген болар, еркін. Әңгіменің де өзі бастады.

Жалғасы 3 бетте

Сессия

Жер мақсатты игерілуі тиіс

Сәрсенбіде аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы өтті. Маңызды жыйнақ мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасары, кент және ауылдық округ әкімдері, сондай-ақ арнайы шақырылған сала басшылары қатысты. Сессия жұмысын мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусинов ашып, жүргізді.

Күн тәртібіне ұсынылған төрт мәселе аудан өмірінің өзекті бағыттарын қамтыды. Атап айтқанда, жер қатынастарын реттеу саласындағы заңнамалардың орындалу барысы, құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету шаралары, қылмыстық жазаларды орындау мекемелеріне жәрдемдесу және жазасын өтеген азаматтарды әлеуметтік қолдау мәселелері, сондай-ақ 2026 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемесін бекіту жайы қаралды. Бірінші мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнұхатов баяндама жасады. Ауданның жалпы жер көлемі 2 873 640 гектарды құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 298 828 гектар болса, егістік көлемі 21 685 гектар, жайылым 210 мың гектарды алып жатыр. Суармалы жерлердің жалпы көлемі – 45 654 гектар. Былтыр ауданда 504 шаруа қожалық пен 43 заңды тұлға ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысқан. Инженерлік жүйелердің 1960-1970 жылдары салынуына байланысты тозу деңгейі артып, қайта жаңғырту жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізілуде. ИДЖК 2 жобасы аясында Аққум, Бұқарбай батыр, Таң және Мәдениет аудандық округтерінде 15 123 гектар суармалы жер қалпына келтірілген. Ал ИДЖК 3 жобасы бойынша Ақсу, Аламесек, Мақпалкөл, Жаңаталап, Мәдениет және Еңбек аудандық округтеріндегі 14049 гектар жерді жөндеуге құжаттар рәсімделіп, 147 су нысаны коммуналдық меншікке алынған.



Мақсатына сай пайдаланылмаған 11 775 гектар жер бойынша тиісті департаментке құжаттар жолданған 2025 жылы 11 600 гектар жер мөлшектенуіне қайтарылды. Бұл көрсеткіш 2024 жылы 5 335 гектарды, 2023 жылы 44 106 гектарды құраған. Сонымен қатар 31 шаруашылықтың 1 750 гектар жерінде егіс ротациясын сақтамау фактілері анықталып, нұсқамаалар берілген. Конкурс арқылы 5 135 гектар жер пайдалануға беріліп, жер учаскелерін сатудан жергілікті бюджетке 14 989,5 мың теңге түскен. Өткен жылы азаматтарға қосалқы шаруашылық жүргізу үшін 1,7 гектар жер берілген. Жалағаш кентіндегі «Ақтерек», «Дәуімбай» және «Наурыз» жер учаскелерінде инженерлік инфрақұрылым тарту және жобалау жұмыстары жүргізілуде. 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару жұмыстары бекітіліп, мал жайылымына қажетті 456 мың гектар жер көрселіс облыстар мен босалқы алқаптар есебінен қамтамасыз етілген. Депутаттар тарапынан жерді қалпына келтіру, жайылым жетіспеушілігі, егістік алқаптарындағы қалған сабанды өртемге, «Дәуімбай» жер учаскесінде су ұңғымасын қазу мүмкіндігі, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының мерзімдері, пайдаланылмаған жерлердің қайтаруы және жер кезегі мәселелері бойынша саула-

дар қойылып, тиісті жауап берілді. Сессия барысында депутат Ф.Дүйсебаев атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, ұсыныстарын жеткізді. Екінші мәселе бойынша аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі М.Баймағанбетов баяндама жасады. Ауданда тіркелген қылмыстар саны өткен жылмен салыстырғанда 11,5 пайызға төмендеп, 113-тен 100-ге азайған. Оның ішінде 20 ауыр, 34 орта, 14 оңай емес және 32 қылмыстық теріс қылық тіркелген. Қылмыстардың ашылу көрсеткіші 83,8 пайызға жетіп, 1,2 пайызға жақсарған. Ұрлық, оның ішінде пәтер ұрлығы, есірткі қылмыстары, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, мас күйінде жасалған қылмыстар мен жасөспірімдер қылмысы азайған. Дегенмен алаяқтық 19-дан 35-ке өскен, интернет алаяқтық 8-ден 24-ке артып, 200 пайыздық өсім көрсеткен. Отбасылық қарым-қатынас саласындағы қылмыстар да 2-ден 6-ға көбейген. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 98 азаматқа қорғау нұсқамасы беріліп, 60 адамға сот арқылы ерекше талаптар белгіленген. Қоғамдық орындардағы ластаған 271 азаматқа айыппұл салынған. «Қарасора – 2025» іс-шарасы аясында «ДРОН» аппаратымен 28 мәрте зерттеу жүргізілген. Ауданның 9 ауылында алкоголь өнімдерін сату толық тоқтатылған.

Депутаттар мал ұрлығы, қараусыз малдарды қамау орындары, таңбалау және сырғалау жұмыстары жөнінде сұрақтар қойды. Жарыссөзде депутат Л.Шөменов 2025 жылы 30 желтоқсанда қабылданған «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» жаңа заңның ерекшеліктерін тоқталып, атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары Ф.Сүлейменов консультациялық-кеңесші органының жұмысы туралы есебін ұсынды. 2026 жылдың 1 қаңтарына есепте 45 азамат тұр, оның 41-і пробация қызметінде, 4-еуі полиция бөлімінде тіркелген.

Бас бостандығынан босатылған 10 адамға 589,8 мың теңге әлеуметтік көмек көрсетілген. 11 адамға азық-түлік алып беріліп, 10 баласына мектепке қажетті құралдар жеткізілген. 25 адам «Мансап» орталығына тіркеліп, 12-сі тұрақты жұмысқа орналасқан, 9 адам қоғамдық жұмысқа жолданған. 2 азамат мемлекеттік грант алып, кәсібін бастаған. Жыл бойы спорттық жарыстар мен психологиялық семинарлар ұйымдастырылып, бақылау үшін электронды құралдар сатып алынған. 2026 жылға әлеуметтік көмекке 649 мың теңге қарастырылып, үш адамды жұмысқа орналастыруға квота бекітілген.

Төртінші мәселе бойынша аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Ж.Есенов 2026 жылға шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесін нөл пайыз көлемінде бекітуді ұсынды. Мұны да халық қалаулылары бірауыздан қолдады.

Сессия соңында мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусинов 2026 жылдың 15 наурызында өтетін республикалық референдумға дайындық жұмыстарына тоқталып, депутаттарды саяси нақанды абыроймен атқаруға шақырды. Сондай-ақ 19 ақпаннан басталатын қасиетті Рамазан айымен құттықтап, ел бірлігі мен берекесін тіледі. Сессия барысында көтерілген әрбір мәселе аудан дамуының нақты бағыттарын айқындап, жауапты міндеттердің жүйелі орындалып жатқанын көрсетті.

Гүлжан ЕСЖАН

Тағылым

Өмір жолы өнеге

Кешегі Кеңес одағының соңғы жылдарында, тарих «тұрақтылық кезеңі» деп атаған уақыттың көлеңкесінде, экономикалық тоқыраудың табы білініп тұрған шақта Райхан Әзбергенова еңбек жолын бастады. Осындай алғашқы мезетте мектеп табалдырығын аттаған жас маман үшін ұстаздық тек кәсіп емес, ұлт болашағына деген жауапкершілік болды. Ауданның бірнеше білім ордасында шөкірт тәрбиелеп, сан буынның санасына сөйле құйған білікті маман білім саласының тізгінін де ұстады. Кейін жан-жақтылығын, тәжірибесін ол мәдениет саласында да кеңінен танытты. Өйткені білім мен мәдениет – егіз ұғым, екеуінің тамыры бір, мұраты ортақ. Мәдениетке бет бұрған сәттен бастап, елдік сананы жаңғырту, ұлттық құндылықтарды ұлықтау жолында жүйелі еңбек етті. Қай салада жүрсе де, оның қызметінен іскерлік пен ізденіс, жауапкершілік пен табандылық қатар аңғарылып тұрды.

Қазақтың қызы ерге бергісіз. Тереңіне бойлағанға құр мадақ емес, тарихтың өзі бекітіп берген шыңдық. Ахмет Байтұрсынұлы білім түзелмей, ел түзелмейтінін айтса, парасатты жан сол түзелудің алдығын шебінде тұрды. Мағжан тәрді мұғалімге лайық көрді, ал Сыр перзенті сол төрден табылды. Фабиет әйелді дана деп таныды, Шерхан қоғамның жүгін көтерген қайсар жандарды жазды. Демек, саналы ғұмырын еңбек пен елдік қызметке сарп еткен Райхан Қадырханқызы – шубыс елдің рухын биіктеткен тұлға.

Дара болмыстың тұлғалық биігін замандастары алдымен тектілікпен байланыстырады. «Анасынан дарыған қасиет» десе де жарасатындай. Расында тәлімі мықты, есепке жүйрік бухгалтер анасы тек қызметімен емес, адамгершілігімен де ел жадында қалған жан екен. Үйінің табалдырығын аттаған жанды жатсынбай, құшақ жау қарсы алатын кен пейіл дархан мінезімен сол шаңырақтың шыршайын кіргізді. Сол дархандық пен салмақ қыздың да болмысына сінгендей. Райхан Әзбергенова келе жатқанда айналадағы жұрт ерікіз бойын тіктеп, сөзін салмақтап қалатыны бекер емес. Бұл – бұйрықпен орнайтын тәртіп емес, табиғи беделден туатын құрмет. Туабіткен тектілік деген, сіре осындай болар.

Қыз бала бола тұра басшылықтың жүгін көтеру – нәзік иыққа артылған нар салмақ. Бірақ ол сол сенімді сөлкеу түсірмей, абыроймен алып жүрді дейді қарластары. Қай ортада да асып-таспай, артық сөйлемей, әділдікті айнымай, салмақты мінезімен ерекшеленді.

Иә, Сыр бойының сары даласында өскен ол еңбек атты ұлы ұғымды ерте таныды. Бар бітім-болмысымен қажырлы еңбектің өңегісін таныта білген бірегей жан еңбек жолын Жаңадария ауылында ұстаз болып бастады. Әділдікті аттамай, талапты босаңсытпай білімнің шамын

сөндіруге тырысты. Уақыт өте келе ол білім саласының тізгінін ұстады. Бірақ басшылық оның болмысын өзгерткен жоқ. Қайта ұстаздық қарым-қабілет, сабыр мен парасат басқару ісінде айқын көрінді.

Қазақ «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп бекер айтпаған. Аудандағы оқушылар үшін басқарып, жас дарындардың жолын ашты. Аудандық білім бөлімінде әдіскер, кейін едістемелік кабинет меңгерушісі болып, ұстаздар қауымына бағыт-бағдар берді. Мектеп директоры ретінде ұжымның бірлігін бекемдеп, білім сапасын көтеруге күш салды. Ал аудандық білім бөлімінің меңгерушісі қызметінде тұтас саланың дамуына серпін берді. 2003-2005 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратында әлеуметтік-саяси мәселелер және сыртқы байланыстар бөлімін басқарып, қоғам тынысын таразылаған жауапты істің басында тұрды. Сол жылдары қалалық білім бөлімі басшысының орынбасары ретінде де білім саласының күрделі міндеттеріне араласты.

Жалағашқа оралған тұста ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімін басқарды. Артында аудандық білім бөлімінің басшысы болып, саланың алдағы мақсатын айқындады. Ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы сынды жауапкершілігі мол салаға жетекшілік етіп, Жалағаш ауданы әкімі аппаратының басшысы қызметін атқарды. Бұл жылдар сенім артылған, салмақты шешімдер қабылданған уақыт еді.

2013 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін кейіпкеріміз аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімін басқарып, рухани кеңістіктің кемелденуіне еңбек сіңірді. Басшылыққа келгенде де қазақы қалпынан айныған жоқ: ақылға жүгінді, әділдікті ту етті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетті. Ол

мәдениет тізгінін ұстаған жылдар Жалағаштың рухани тынысы кеңейген кезек еді. Жиырма бес жылдық тарихы бар «Батыр аналар» ансамблінің мерейтойы сол жылдардың айтулы белесі болды.

Аққум ауылдық клубының бой көтеруі, Бұқарбай батыр ауылындағы тарихи үйдің жаңадан салынуы ауылдың рухани өміріне оң әсерін тигізіп, тарихын бүтіндегендей болды. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған ескерткіштерге жөндеу жүргізілуі де ел жадын жаңғыртқан игі іс болды. Тасқа қашалған есімдер қайта жарқырап, уақыт шаңы сүртілгендей әсер қалдырды. Тарихқа тағзым ету осындай нақты қадамнан басталатынын жұрт жүрегімен ұқты.

Электронды «Жалағаш кітапхана қауымдастығының» ашылуы оқырман бөлімін жаңа есік ашты. Облыс бойынша құрылған ол модульді ауыл кітапханасының бірінші Бұқарбай батыр ауылынан орын алуы аудан үшін айрықша мәртебе болды. Бүгінде ол ауыл тұрғындарының рухани ордасына айналған. Ол төрт ауылдық кітапхананың интернет желісіне қосылуы да уақыт көшінен қалмаудың белгісі еді.

Оның өлі күнге дейін жадымда сақталған бір ерекшелігі бар. Алдына келген адамның ойын айтықбай ұғатын көрегендігі болатын. Сөздің салмағын, адамның ниетін дәл танып, шешімді де соған сай қабылдайтын. Сауаттылығы бір бөлек, адамгершілігі бір төбе жаннан көп нәрсе үйренді.

Мәдениет саласындағы жаңғыру нақты істерімен айқындалды. 2012 жылы аудандық мәдениет үйі мен Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізуге 101 миллион теңге бөлініп, көптен күткен өзгеріс жүзеге асты. Ал 2014 жылы бұл игі ұрдіс жалғасын тауып, Таң, Еңбек, Мақпалкөл ауылдық мәдениет үйлері мен аудандық



мәдениет үйін күрделі жөндеуге 116 миллион теңге қаражат қарастырылды. Осылайша бір емес, бірнеше мәдени ошақ жаңа тыныс алды. Сол жылдары материалдық техникалық базаны нығайтуға да орасан көңіл бөліп, жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жаңа жабдықтар алынып, мәдениет мекемелерінің мүмкіндігі артты. Бұл тек ғимараттарды жаңарту емес, ауыл өміріне рухани жылылық сыйлаған үлкен қадам еді.

Іскерлік қабілеті мен ұйымдастырушылық қарымының арқасында ол «Құрмет» грамоталарына, алыс хаттарға ие болып, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталды. Бұл – бір адамның ғана ғұмыр жолы емес, қазақ әйеліне тән қайсарлықтың, сабыр мен парасаттың көрінісі. Мен білген, күй болған дара болмыс – кісілігімен биік, іскен ірі тұлға. Елі үшін адал еңбек еткен тұлғаның тұғырлы ғұмыры уақыт шаңына кеміліп қалмайды. Мұндай жағдайлар ұмтылуға тиіс емес. Өйткені өнеге айтылған сайын биіктейді, үлгі насихатталған сайын ұрпақ санасына сіңеді. Бүгінгі бұныға өзің есімің жеткізу, еңбегін дәріптеу – біздің азаматтық борышымыз. Еңбеген өрілген ғұмыр ел жадында жаңғырып тұрғанда ғана саладағы сабақтастық үзілмейді.

Бибісия АМАНЖОЛҚЫЗЫ, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдум бойынша дауыс берушілермен кездесу орындары		
№	Мекен-жайы	Кездесу өткізілетін орыны
1	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7	“Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қонысбек Қазанғаев атындағы мәдениет үйі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсеткіштері залы
2	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №11	“Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Руханият орталығы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсеткіштері залы
3	Ақсу ауылы, Т.Елеусинов №25	“Ақсу аудандық округ әкімі аппаратының Ақсу аудандық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсеткіштері залы
4	М.Шөменов ауылы, Бұқарбай батыр №6	“М.Шөменов атындағы аудандық округ әкімі аппаратының М.Шөменов аудандық мәдениет үйі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсеткіштері залы
5	Қаракеткен ауылы, Игілік көшесі №8	“Қаракеткен аудандық округ әкімі аппаратының Қаракеткен аудандық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсеткіштері залы
6	Далдабай ауылы, Д.Жалтынов көшесі №22	“Қаракеткен аудандық округ әкімі аппаратының Далдабай аудандық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсеткіштері залы
